

Алматы қ.

№2
ӘДІСТЕМЕЛІК
КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

Әдістемелік кеңес төрайымы: Сисенбаева А.Ж.
Әдістемелік кеңес хатшысы: Турсабекова Н.Д.

Өту мерзімі: 04.12.2025ж
Қатысқандар: 29

Қатыспағандар: жоқ

№2 Әдістемелік кеңесінің күн тәртібі

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	Семинар на тему «Методы проектирование уроков финансовой грамотности»	Арнайы пән оқытушысы Серік Ғ.С.
2	«Ашық сабақ әзірлеу барысында жасанды интеллект элементтерін енгізу тиімділігі» тақырыбында шеберлік сағаты	Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Акимжанова Л.М.
3	2025-2026 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысының жартыжылдық есебі. Білім алушыларды дұрыс бағалау жүйесі. Блум таксономиясының қағидалары. Журнал толтыру тәртібі. Жас педагогтармен жұмыс барысы.	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева А.Ж. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова М.Т.
4	Әр түрлі	

Тыңдалды:

1. Бірініші мәселе бойынша «Методы проектирование уроков финансовой грамотности» тақырыбында семинар өткізіп, қаржылық сауаттылық сабақтарын жобалау барысында қолданылатын тиімді педагогикалық әдістермен таныстырды. Семинар барысында студенттердің қаржылық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар, практикалық кейстер және өмірлік жағдаяттарға негізделген оқу тапсырмалары ұсынылды. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық тақырыптарын оқу процесіне кіріктірудің маңыздылығы атап өтілді.

2. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Акимжанова Л.М.: «Ашық сабақ әзірлеу барысында жасанды интеллект элементтерін енгізу тиімділігі» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағаты барысында жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы сабақтың мазмұнын байыту, оқу материалдарын дайындау, презентациялар мен визуалды материалдарды әзірлеу жолдары көрсетілді. Баяндамашы жасанды интеллекттің педагогтердің жұмысын жеңілдетіп, сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін

атап өтті. Shyraq AI платформасындағы жұмыспен таныстырып, оқытушылармен интерактивті тапсырмалармен тәжірибелік сабақ өткізді.

3. Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары 2025–2026 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысының жартыжылдық есебі туралы баяндама жасады. Жартыжылдықта колледжде әдістемелік жұмыстар жүйелі жүргізілгенін атап өтті. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында семинарлар, тренингтер, ашық сабақтар және тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылғаны айтылды.


Келесі мәселе бойынша білім алушыларды дұрыс бағалау жүйесі, Блум таксономиясының қағидалары, журнал толтыру тәртібі және жас педагогтармен жұмыс барысы туралы ақпарат берілді. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барысында әділдік пен объективтілік қағидаларын сақтау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, Блум таксономиясының деңгейлері арқылы студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі түсіндірілді. Журнал толтыру барысында педагогтердің оқу жетістіктерін уақтылы және дұрыс тіркеуі маңызды екендігі ескертілді.


Сонымен қатар колледжде жас педагогтармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп жатқаны айтылды. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, олардың кәсіби бейімделуіне және педагогикалық шеберлігін арттыруға бағытталған әдістемелік қолдау көрсетілуде.

5. Әр түрлі сұрақтар мәселесінде оқытушылардың аттестациясы туралы ақпарат берілді. Баяндамашы педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен талаптарын түсіндіріп, аттестацияның педагогтердің кәсіби деңгейін анықтаудағы және біліктілік санатын арттырудағы маңыздылығын атап өтті.

Шешімі

1. Қаржылық сауаттылық сабақтарын жобалау әдістері педагогтердің жұмыс тәжірибесіне енгізу ұсынылсын.
2. Ашық сабақтарды дайындау барысында жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану педагогтерге ұсынылсын.
3. 2025–2026 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысының жартыжылдық есебі назарға алынсын. Білім алушыларды бағалау барысында Блум таксономиясының қағидаларын қолдану және әділ бағалау жүйесін сақтау педагогтерге міндеттелсін. Журнал толтыру тәртібін сақтау және оқу жетістіктерін уақтылы тіркеу барлық педагогтерге ескертілсін. Колледжде жас педагогтармен жүргізіліп жатқан тәлімгерлік және әдістемелік жұмыстар жалғастырылсын.
4. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жұмыстары белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Сисенбаева А.Ж.

Әдістемелік кеңес хатшысы:  Турсабекова Н.Д.